Ақмола облысының
мәдениет басқармасы

ÚKILI YBYRAI ATYNDAǴY
Aqmola oblystyq
FILARMONIASY

# «Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы» МКҚК

Көкшетау - 2022

Ақмола облысы мәдениет,
архивтер мен құжаттамалар
басқармасының жанындағы
«Үкілі Ыбырай атындағы
Ақмола облыстық
филармониясы» МКҚК
директоры

____________ Н.Шайкенова

# Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының 2022 жылға арналған есебі

Көкшетау қаласы
2022 жыл

# Статистикалық деректер мен негізгі көрсеткіштер

**Осы есеп кезеңінде Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясымен 178 іс-шара өткізілді. Концерттерді 32 926 көрермен тамашалады. Концерттерден түскен қаражат сомасы 20 231,2 тг.**

2022 жылы ерен еңбегі үшін, жоғарғы кәсіби шеберлігі мен жеткен жетістіктері үшін келесі тұлғалар марапатталды:

- *Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» құрмет белгісімен* симфониялық оркестрдің жоғары санатты әртісі Болат Қайроллаұлы Мұхамеджанов (еңбек өтілі 35 жыл);
- *Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамотасымен* симфониялық оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Берік Сарыбай;
- *Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің алғыс хатымен* Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының солисі, дәстүрлі ән өнерін насихаттаушы, бірнеше зертеу жинақтарының авторы Сәрсенбай Хасенов;
- *Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің алғыс хатымен* филармония директоры Нұргүл Ескендирова Шайкенова.

Изник қаласы (Түркия) өткен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылуына белсенді қатысқаны үшін «Түріксой» халықаралық ұйымының медалімен және алғыс хатымен:

- Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының директоры Нұргүл Ескендирова Шайкенова;
- «Айнакөл» фольклорлық ансамблінің жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» Әнуарбек Құрманбаевич Файзуллин;
- «Гәкку» би ансамблінің жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі», балетмейстер Гүлмира Мерғалиевна Ордабаева;
- «Гәкку» би ансамблі марапатталды.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес ұйымының V Жастар кеңесін ұйымдастыру және өткізуге қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің алғыс хатымен:

- Ұжым жетекшілері: Әнуарбек Файзуллин, Гүлмира Ордабаева; филармония солистері: Сәрсенбай Хасенов, Аякөз Қалмағанбетова, Төлеген Аманов; ансамбль әртістері: Алмас Омаров, Гүлбахарам Тұрсынбек марапатталды.

К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Жанат Рашит Ақтау қаласында өткен Боздақ Рзаханов атындағы «Сиқырлы таяқша» республикалық дирижерлер конкурсында III орынды иеленіп, лауреат атанды.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының солисі Шолпан Дүкімбаева Күләш Байсейітованың шығармашылығын насихаттағаны үшін және облысымызда музыка өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Күләш Байсейітова» атындағы медальмен және грамотамен марапатталды.

# Кадр ресурстары

2022 жылы филармония қызметкерлерінің саны 216 адамды құрайды, оның ішінде шығармашылық құрам - 175 адам, жоғары білімі бар қызметкерлер саны – 142 адам, арнайы орта білімі бар 46 адам, орта білімі бар 28 адам.

Әкімшілік бөлімде -11 адам. Шаруашылық-техникалық бөлімде 24 адам қызмет істейді. Жұмысқа орналасқан барлық жас мамандар саны - 11 адам.

# Балалар жылы аясындағы іс-шаралар

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» - дей келе, 2022 жылды Балалар жылы деп жариялады. Осы жыл аясында Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы балаларға арналған біршама іс-шаралар өткізді.

Атап айтсақ, 05 сәуір күні Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясында «Гәкку» би ансамблі мен «Аманат» би студиясының «Көктем шуағы» атты концерті өтті.

Филармонияның ғана емес, барлық Ақмола өңірінің бетке ұстар «інжу-маржаны» атанған, қазіргі таңда Көкшетау қаласындағы жалғыз кәсіби хореографиялық ұжым болып табылатын «Гәкку» би ансамблі би әлеміне қадам басқан балдырғандарға би әліпбиін үйретіп, баулып, балаларды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама негізіндегі «Аманат» би студиясымен бірлесе берілген концерт көпшіліктің көңілінен шықты. «Ән - би» десе ішкен асын жерге қоятын халқымыз үшін бүгінгі концерт - нағыз отшашу, мереке болды.

Ал 23 мамыр күні филармония залында биші, педагог, Қазақстанның халық әртісі Шара Жиенқұлованың 110 жылдығына арналған «Қазақ биі – бидің төресі» атты Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжі студенттерінің дипломдық жұмысы өтті. Педагог «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаевадан тәлім алып, би өнеріне қадам басқан жас өрендердің алғашқы маңызды қадамдары - дипломдық жұмыстары көпшіліктің назарына ұсынылды. Сонымен қатар бұл кешке «Гәкку» би ансамблі мен «Аманат» би студиясы да қатысты.

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттық сахна өнері. Бағдарлама барысында өнер көрсетушілер қазақ биінің мазмұнын ашып көрсетуге тырысты. Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжінің «Би-педагог» тобының студенттері кәсіби би ұжымы «Гәкку» би ансамблімен және өнерге жаңа қанат қаққан «Аманат» би студиясының балдырған бишілерімен жұмыс жасап, өз өнерлерін, алған білімдері мен тәжірибелерін шыңдауға мүмкіндік алды.

1 маусым күні Балалар жылы аясында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Біз өмірдің гүліміз» атты іс-шара өтті.

Іс-шараға Гүлмира Ордабаева жетекшілік еткен «Аманат» би студиясы, «Балақай» балалар шығармашылық студиясы, жетекшісі Бота Қалиева қатысты.

Филармония залына жиналған ең жас көрермендеріміз бен олардың ата-аналарына ән мен жырға, биге, қызықты ойын-сауыққа толы бағдарлама ұсынылды. Балақайлар ұйымдастырушылармен қосылып, ән салып, би билеп, қызықты ойындарға белсене қатысты.

3 маусым күні Балалар жылы аясында және Балалар музыка мектебінің 70 жылдық мерейтойына орай филармонияның шығармашылық ұжымдары мен музыка мектебінің бірлескен жобасы өтті.

Концерттік бағдарламада филармонияның алдыңғы қатарлы шығармашылық ұжымдары: симфониялық оркестр, камералық музыка ансамблі, «Айнакөл» фольклорлық ансамблі балалар музыка мектебінде білім алушылармен бірігіп өнер көрсетті. Музыка әлеміне жаңа қадам басқан музыка мектебінің тәрбиеленушілері кәсіби музыканттардың сүйемелдеуінде домбыра, скрипка, флейта, фортепиано және т.б. да музыкалық аспаптарында ойнап, өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар балалар музыка мектебінің хор ұжымы мен дәстүрлі әншілер де кештің сәнін кіргізіп, ән мен жырға бөледі.

9 маусым күні Г.Гладковтың «Бременские музыканты» музыкалық театрланған қойылымы өтеді. Режиссері: Т.Валеев, әңгімелеуші: Т.Кирьянова.

Бремен музыканттары: Трубадур, мысық, ит, қораз бен есектің басынан өткен қызықты да, қауіпті, ерекше оқиғаларға толы музыкалық ертегі - көрермендердің бірнеше буын өкілдері сүйіп тамашалап келе жатқан ғажап туынды. Музыканттар ағайынды Гримдар заманынан бастап Германияны аралап, заманауи әндерді шырқап күндерін өткізеді. Кейде ерлік те жасайды. Бәрі жақсы өтіп жатты, бірде цирк қойылымы кезінде басты кейіпкерге ханшайым ұнап қалады…

Бұл ертегінің соңы бізге бала кезімізден таныс, ал бүгінгі қойылымда режиссердің сюжетті көрерменге жаңа, ерекше қырынан көрсету туралы қабылдаған шешімінің негізінде көрермендер қайтадан қызықты музыкалық әлемге бойлайтын болады.

Бұл жобаға филармонияның эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі, дирижері Е.Уразалин, камералық хор, жетекшісі Г. Колесникова, «Гәкку» би ансамблі, жетекшісі Г.Ордабаева және Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының солистері қатысады.

10 маусым күні филармония мен «Гранат» шығармашылық студиясының «Музыка және түс» атты бірлескен жобасы өтті.

Дирижер Жанат Рашиттың жетекшілік етуімен камералық музыка ансамблі, камералық хор (жет. Галина Колесникова) түске байланысты 4 блоктан тұратын концерттік бағдарламаны көрермендер назарына ұсынады. Ал Анар Саттыбаева жетекшілік еткен «Гранат» шығармашылық студиясы әр музыкалық нөмірді түрлі-түсті суреттермен безендірді. Музыкатанушы-дәрісші Юлия Никитенко бүгінгі кештің бояуын кіргізіп, көркем сөзбен әрледі.

Филармония ұжымы 11 қазан күні Петропавл қаласына жолға шықты. Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының концерт залында Г.Гладковтың «Бременские музыканты» музыкалық театрланған қойылымын көрермендер назарына ұсынды. Режиссері Т.Валеев, әңгімелеуші Т.Кирьянова.

30 мамыр Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Қазақстан халқы Ақмола Ассамблеясының Көкшетау қалалық аналар кеңесімен және Ақмола облысының іскер әйелдер қауымдастығының «Жас қанаттар» жастар қанатымен «Дети Ангелы Кокшетау» қоғамдастығы үшін «ТЕҢ ӘЛЕМ» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты - ерекше қажеттіліктері бар балаларға қуаныш сыйлау, олардың ата-аналарын қолдау және осындай балалардың мәселелеріне қоғамның назарын аудару.


Көктем
шуағы
ГӘККУ
БИ АНСАМБЛІ


FILARMONIASY
5 СӘУІР
18:30
ГӘККУ
БИ АНСАМБЛІ
"Аманат"
би студиясы
Жетекшісі: «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева
Көктем
шуағы
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸






FILARMONIASY
Биші, педагог,
Қазақстанның халық әртісі
Шара Жиенқұлова
23
МАМЫР
19:00
110
жыл
Қазақ биі -
бидің төресі
Қатысушылар:
«ГӘККУ» БИ АНСАМБЛІ,
«АМАНАТ» БИ СТУДИЯСЫ
Ақан сері атындағы
жоғары мәдениет колледжі студенттерінің
дипломдық жұмысы
Педагог «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
1000 ₸


Биші, педагог,
Қазақстанның халық әртісі
Шара Жиенқұлова
110
жыл








Халықаралық балаларды қорғау күні
1
МАУСЫМ
12:00
«БІЗ ӨМІРДІҢ
ГҮЛІМІЗ»
OPEN AIR








FILARMONIASY
3 июня 19:00
Балалар жылы 2022
В РАМКАХ ПРАЗДНОВАНИЯ
70-ЛЕТНЕГО ЮБИЛЕЯ
Детской
музыкальной школы
СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ
с творческими коллективами филармонии
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
1000 ₸








Закрытие юбилейного
75-го концертного сезона
9 июня 19:00
22 ноября 18:30
Г.Гладков
Музыкальная сказка
Бременские музыканты
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


Бременские
музыканты


Бременские


FILARMONIASY
Балалар жылы 2022
10 июня 19:00
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
«Музыка и цвет»
СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ
филармонии и
творческой студии
«Гранат»
Лектор-музыковед
Юлия Никитенко
Руководитель и педагог студии
Анар Саттыбаева
Звук
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸







# Оқиғалар қатары шеңберінде іс-шараларды іске асыру

Филармония қызметінің басым мақсаттарының бірі ұлттық-мәдени құндылықтарды жеткізушілердің шығармашылық мұрасын сақтау мен насихаттау болып табылады. Мұндай іс-шараларды іске асыру мақсатында, 2022 жылдың оқиғалар қатарындағы мерейтойлық күнтізбелік даталарға арналған көптеген концерттер өткізілді. Олардың ішінде қазақтың көрнекті композиторы, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Кенжебек Күмісбековтің 95 жылдығына арналған К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің «Аяулы менің мекенім» концерті. Дирижері «Құрмет» орденінің иегері Тұрлыхожа Базаров, көркемдік жетекшісі және бас дирижері Жанат Рашит. Концерттің алдында сағат 17.00-де арнайы шақырылған қонақтар мен облысымыздың зиялы қауымының қатысуымен пресс-конференция өтті.

Арқа жерінде дүниеге келіп, осы өңірдің бай музыкалық дәстүрін бойына сіңіріп өскен композитордың артына қалдырған мұрасы да біршама және ұлттық бояуының қанықтығымен ерекшеленеді. Ол қазақтың музыка мәдениетіне, ұлт аспаптар оркестріне бұрын - соңды болмаған ұлттық гармониялық үн – саз, ырғақтың жаңа түрін әкелді.

2007 жылы шоқтығы биік композитордың есімі берілген К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің орындауында көпшіліктің назарына «Аманат», «Мерекелік Ақжелең», «Кербезім» күйлері ұсынылды. Мерекелік кешке Нұр-Сұлтан қаласы «Қазаққонцерт» мемлекеттік концерттік ұйымынан арнайы келген қонақтар: Жанғали Жүзбай мен Дінисламбек Жайлаубай да қатысып, өз өнерін ортаға салды.

Концерт барлық әншілердің орындауындағы «Аяулы менің мекенім» әнімен қорытындыланды.

Сонымен қатар қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың 90 жылдығына арналған «Қазақтың жезкиік ақыны» концерті өтті.

Қазақ поэзиясының Жезкиігі атанған ақынның алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» 1977 жылы жарық көрді. Ақыннның жыр жинақтары орыс тілінде, қырғыз тілінде, өзбек тілінде де шығарылды. К.Салықов көптеген поэмалар да жазды.

Ақынның өлеңдеріне Б.Жұманиязов, Н.Тілендиев, Ә.Бейсеуов, Е.Хасанғалиев сынды композиторлар 500-ден астам ән жазды. Ақынның жанынан шығарған өз әндері де көп. Солардың қатарындағы «Жезкиік», «Сағыныш», «Үш арыс», «Бір ауыз сөз», «Бір тамаша ән үшін», «Аққу жеткен», «Жылжиды аққу» «Оқжетпес», «Көкшетау», «Жамбыл ата» әндері ел арасында кең тарап кетті. Мемлекеттік қызметте жүрсе де ақындығынан ажырамай, шоқтығы биік шығармаларды дүниеге әкелген

қаламгердің жауһар туындылары кейінгі ұрпаққа асыл мұра болып қалды. Филармония әншілерінің орындауында К.Салықовтың «Аққу жеткен», «Көкшетау», «Есіл Көкше», «Сал-Көкше», «Сағындым», «Ауылды аңсау» сынды сағынышқа толы табиғат, махаббат туралы өлеңдері жырланды. Петропавл қаласынан арнайы шақырылған қонақтар: Жанат Айтбаев пен Еркебұлан Қарыпов. Бағдарламада К.Салықовтың жауһар жырлары да жатқа оқылды.

К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі мен филармония әншілерінің қатысуымен әнші «ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» Еркін Біржановтың 80 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Кеш барысында әншінің орындаған әндері көпшіліктің назарына ұсынылды. Еркін Омарұлының балалары мен немерелері де өз өнерлерін ортаға салды.

Филармонияның мерейтойлық 75-концерттік маусымының жабылуы аясында К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі мен филармония әншілері опера және эстрада жұлдызы, ел еркесі Қазақстанның және КСРО-ның Халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған «Іңкәр дүние» концерті өтіп, оның репертуарынан көпшілікке танымал әндері жаңғыртылып, көрермендерге тарту етілді. Ұлттық ән өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан, ерекше сазды әншілік мектебінің қалыптасуына ықпал еткен Роза апамыздың «Ах, Самара городок», «Әдемі-ау», «Іңкәрім-ай», «Ақ тамақ», «Ақ маңдайлым», «Қараторғай» және тағы басқа да әндері орындалды.

Аты аңызға айналған әншінің 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның 2022-2023 жж. Халықаралық атаулы күндер күнтізбесіне енгізілді. Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойын мерекелеу ресми түрде 1 наурызда астанамыз Нұр-Сұлтан қ. бастау алды.

Қыркүйек айында Кенжебек Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі мен филармония әншілерінің қатысуымен ҚР Мәдениет қайраткері, ақын, әнші, композитор Тыныштық Шаменовтың 80 жылдығына арналған «Арқаның ақын – сазгер Тыныштығы» атты концерті өтті. Тыныштық Шаменовтың көпшілікке танымал әндері орындалып, көрермендерге тарту етілді. Концерт Арқаның арда азаматтары Иран сал Тасқара, Мұрат-қажы Ыдырысұлы мен Мәдениет басқармасының басшысы Айгүл Баубекқызының сөзімен аяқталды. Ақын Арман Бердалин де Тыныштық ағамыз жайлы өз естеліктерін айтты. Тыныштық Шаменовтың асыл жары –Сабира апайымызға қамзол жабылып, ақ орамал сыйға тартылды.

Биыл филармонияның эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестріне 40 жыл! Осыған орай арнайы шақыртылған Тула қ. Губернатор оркестрінің бас дирижері Владимир Леер және Павел Демьяненконың (труба) қатысуымен мерекелік кеш өтті. Оркестрдің бас дирижері – «Мәдениет қайраткері» Ерназар Уразалин. Сахна төріндегі 40 жылдық шығармашылығын қорытындылайтын бұл кеш ерекше болды.


FILARMONIASY
23
АҚПАН
18:30
95 жыл
Кенжебек Күмісбеков
«Аяулы менің мекенім»
К.КҮМІСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ
Дирижері: «Құрмет» орденінің иегері Тұрлыхожа Базаров
Бас дирижері және көркемдік жетекшісі: Жанат Рашит
Солистер: Мереке Бекмағамбетов, Фархат Сағымбай, Серікболсын Бекмолдин, Аякөз Қаламғанбетова, Эльмира Нысанбаева, Мирзат Молдаханов
Жүргізуші: Алтынай Искакова
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


95 жыл
Кенжебек Күмісбеков


95 жыл
Кенжебек Күмісбеков






FILARMONIASY
25
АҚПАН
18:30
90 жыл
Кәкімбек САЛЫҚОВ
«Қазақтың жезкиік ақыны»
Қатысушылар:
Бисара Мәкенова
Жанат Айтбаев
Еркебұлан Қарыпов
Эльмира Төлеубаева
Шыңғыс Сәрсенбай
Төлеген Аманов
Жүргізуші:
дәстүрлі әнші
Сәрсенбай Хасенов
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


"Өлім деп тебіренбеген бір күнім жоқ".


«ҚазКСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызмет
Еркін Біржанов






FILARMONIASY
13
СӘУІР
18:00
Еркін Біржанов
80 жылдығына арналған
ЕСКЕ АЛУ КЕШІ
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160

# Оқиғалар қатары шеңберінде іс-шараларды іске асыру





















# Ұжымдар мен солистердің шығармашылық кештері, жеке концерттері

Мақсаты: мәдени құндылықтарды насихаттаушылардың, жеткізушілердің шығармашылық мұрасын сақтау мен насихаттау

15 наурыз күні филармонияның концерт залында Арқаның сал-серілік, әншілік дәстүрінің іргетасын қалаушылардың бірі, халық композиторы, суырып салма ақын Үкілі Ыбырайдың өлмес мұрасын жаңғырту, насихаттау мақсатында Республикалық байқаулардың лауреаты, дәстүрлі әнші Шыңғыс Сәрсебайдың «Қалдырған әнім аманат» атты концерті өтті.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданына қарасты Өскен ауылында дүниеге келген. Жастайынан өлең-жырға құмар, Шөже, Біржан сал, Ақан серілерден үлгі-өнеге алып, шығармашылығымен сусындап өскен Ыбырай өз заманының еркесі болып,ән-жырымен кең даланы тербеткен.

Оның атақты «Гәкку» әнінің бір өзі ғана қазақ ән өнерінің баға жетпес інжу-маржанына айналды. 1936 жылы Москвада өткен қазақ өнерінің алғашқы онкүндігінде қазақтың бұлбұл қызы Күләш Байсейітова орындауындағы «Гәкку» әні бүкіл Москваның аса талғампаз қауымын ғажайып сұлу сазымен таңқалдырған еді. Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Қыз Жібектің ариясына айналған осы «Гәкку» әні бірнеше вариантты жауһар туынды. Үкілі Ыбырай шығармашылығының шыңы атанған «Гәкку» әні - ақынның сүйген қызы Кәкимаға арнап шығарған әні.

Концерттік бағдарлама барысында көрермендер Шыңғыс Сәрсенбай мен Сәрсенбай Хасеновтың орындауында «Гәкку» әнінің 2 түрін тыңдауға мүмкіндік алды. Ал концерттің шымылдығы Үкілі Ыбырайдың Біржан салға арнап шығарған «Шалқыма» әнімен ашылды.

Кеш барысында Ыбырайдың жастық шақтың жалыны мен махаббат сезіміне толы әндері «Сүйгенім кете бардың қасыма еріп», «Қарақат көз», «Қызыл асық», «Толқын», «Жиырма бес» көпшіліктің назарына ұсынылды. Сонымен қатар Төлеген Аманов, Ақниет Серғазина да өз өнерлерін ортаға салды.

Кеш әділетсіздік пен саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған, елі еркелетіп «Үкілі Ыбырай» атандырған, қазақ халқының өнер тарихында өшпес із қалдырған асқан дарын иесінің «Қалдырған» әнімен қорытындыланды.

Концертті дәстүрлі әнші, Арқаның сал-серілері, ақындарының өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Сәрсенбай Хасенов жүргізді.

25 сәуір күні әнші, «Мәдениет қайраткері» Гүлжан Ахметованың «Өн ғұмыр» атты жеке концерт-дәрісі өтті. Концертмейстері: «Мәдениет саласының үздігі» Марат Бектасов (баян) пен Мақпал Дәулетжанова

(фортепиано). Концертті әншінің жан жары, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Философия докторы, ақын-жазушы Ерболат Баятұлы жүргізді.

Гүлжан Ахметова концерттік бағдарламаны Сегіз серінің «Алқоңыр» әнімен ашты. Кеш барысында Арқаны ән мен жырға бөлеген сал-серілердің жауһар туындылары да орындалды. Біржан салдың «Ғашығым», Ақан серінің «Қараторғай» әндері қалықтап, тыңдармандарының жүрегінен орын алды. Сонымен қатар әнші Көкшелік ақындар: Кәкімбек Салықов, Иран Ильяшевтің «Жезкиік», Тыныштық Шәменовтің «Айсары әуені», Құрмет Сахай мен Ерболат Баятұлының «Ән ғұмыр», Кәрім Ильясов, Маман Ементаевтың «Көкшетау» әндерін шарықтата шырқады. Г.Ахметованың Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан орындаған Жібек әні тыңдармандарын ерекше сезімге бөледі.

Гүлжан Ахметованың өнер жолында бірге жүрген үзеңгілес әріптестері: Шыңғыс Сәрсенбай, Мирзахат Молдахановта өз үлестерін қосып, жырмен шашу шашты.

27-28 сәуір күндері сағат 19.00-де филармония залында майталман музыканттар, он саусағынан өнер тамған әртіс-аспапшылар Дмитрий Петюль мен Саят Бабаевтың музыкалық кофехана жобасы аясында «Romantic KZ» атты керемет кеші өтті.

Хас шеберлердің сиқырлы музыкалық аспаптарынан төгілген сырлы әуен тыңдармандарын құпия әлемге жетеледі. Бұл көрермендер үшін иісі аңқыған, дәмі тіл үйіретін бір шыныаяқ кофе сусынынан дәм тата отыра, жанға жайлы, романтикалық ортада, жүректен шығып бойға тарайтын ғажайып сазды әуеннен ләззат алып, демалуларына таптырмас мүміндік болды.

Кеш барысында көпшілікке танымал шығармалар орындалды. «Сені сүйем», «Аңсайды жаным», «Жүрек үні», «Сүйікті етші», «Ақ құсым», «Сүйіктіме» және тағы басқа да сезімге толы туындылар домбыраның шегінен төгіле, саксофонмен үндесіп тербелді.

«Romantic KZ» кеші керемет ерекше шықты, саксофон мен киелі домбыраның шектерінен төгілген музыка өз тыңдармандарын тапты.

5 мамыр күні филармонияның концерт залында «Мәдениет қайраткері» Жанат Есовтың 50 жылдық мерейтойына арналған «Әрайна» атты шығармашылық кеші өтті.

Жастайынан өнердің ортасында жүрген Жанат Есовтың қазіргі таңда өзінің сүйікті тыңдарманы, көрермені бар. Филармонияның барлық оркестрлерімен жұмыс істей отыра, өзінің вокалдық репертуарын байытып, толықтырған әнші халық әндерінен бастап, эстрадалық және классика бағытындағы әндерді де шарықтата шырқап жүр.

Концерттік бағдарлама К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Жанат Есовтың орындауында Ж.Тезекбаевтың «Әрайна» әнімен ашылды. Сонымен қатар жез таңдай әнші Жаяу Мұсаның «Ақшашақ», Естайдың «Құсни-Қорлан» әндерін көрермендеріне тарту етті. Ал эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі мен

Жанат Рашиттың домбырада, Расул Жанабековтің шаңқобыз аспабында сүйемелдеуімен әншінің орындауындағы А.Бексұлтанның «Қазақтың қара баласы» атты термесі ерекше әсерлі шықты. Тал шыбықтай майыса, мың бұрала билеген «Гәкку» би ансамблі де кешті ажарландырып, сәнін кіргізді.

Бүгінгі кеште әкесінің жолын қуған, өнер жолына қадам басқан әншінің ұлы Абзал Ес те әннен шашу шашып, өз репертуарынан бірқатар әндер орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ал әншінің қызы Сәбира Есова Пабло Бельтран Руистың «Sway» әнін орындады. Сонымен қатар Жанат Есовпен бір өнер ордасында, бір сахна төрінде өнер көрсетіп жүрген үзеңгілес әріптестері: «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева, Ләззат Едрисова, Серікболсын Бекмолдин, Марина Зяблинцева да әншіні мерейтойымен құттықтап, әсем әндерімен қолдады.

18 мамыр күні филармонияның сахна төрінде жас әнші Нұргүл Нұриденнің «Padam, padam» атты Франция музыкасына арналған ерекше концерті өтті.

Шансонье (фр. chansonnier) - француз эстрада әншісі. Шансонье өнеріне өзі шығарған ән-жырды орындаушылар жатады, ол ортағасырлық француз менестрельдерінің шығармашылығынан бастау алады. XIX ғасырдың соңында кәсіби эстрада әртістерін «шансонье» деп атады. Ал Франциядан тыс жерлерде француз тілінде орындаушылардың барлығын жиі шансоньеге жатқызған. Осы ақпаратқа сүйенсек, Француз шансонының қатарына Ив Монтан, Шарль Азнавур, Сальваторе Адамо және тағы басқалары, тіпті Эдит Пиаф та кіреді. Концерттік бағдарлама барысында осы танымал тұлғалардың орындаған өлмес туындыларын тыңдауға мүмкіндік бар.

Эдит Пиаф «Мен бәрі үшін емес, мен әрқайсысына арнап ән саламын...» деген болатын. Ал Ақмола облыстық филармониясының солисі, француз әндері байқауының лауреаты Нұргүл Нұриден осы қанатты сөзді ұстанғандай, белгілі бір тыңдаушысы үшін емес, барлық тыңдарманы үшін әр орындаған әнін шынайылықпен шырқады. Жас дарын иесінің сүйікті ісіне жан-дүниесімен берілуі, оның бейнеге енуі..., өзіндік орындау мәнері..., француз тілін сауатты меңгеруі мен шеберлігін шыңдау жолындағы тыным таппай ізденісін, өнерге деген адал көзқарасын бағаламау мүмкін емес. Мұның бәрі қошеметке лайықты ерекше нәтиже берді.

Концерттің бірінші бөлімі ерекше форматта өтті, арнайы осы жоба үшін біз жаңа band жинадық, оның құрамында: виолончель, скрипка, акустикалық және бас гитара, рояль, соқпалы аспаптар және француз музыкасы үшін ерекше қажетті – баян мен мелодика. Бағдарламаның екінші бөлімі Ерназар Уразалинның жетекшілік етуімен эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуінде жалғасты.

Кешті Татьяна Кирьянова жүргізді.

2 қараша күні Сәрсенбай Хасеновтің шығармашылығына 10 жыл толуына орай «Көкшетау – Сарыарқаның раушан гүлі» атты жеке концерті өтті.

Көкше ақын-композиторларының өмірі мен шығармашылығына аса мән беріп, зерттеп жүрген, бірнеше кітаптың авторы атанған дәстүрлі әнші Сәрсенбай Хасенов бұл кеште халық әндерінен бастап, жергілікті ақын-композиторлардың шығарған әндерін көрермендеріне тарту етті. Оның ішінде Көкшелік жас ақындар: Мерген Тоқсанбай, Қуаныш Оспанов, Алмас Темірмайдың қаламынан шыққан жалынды жырлары да бар.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Айгүл Қосанова да әдемі кешке өз үлесін қосып, әсем әнімен көпшілікті сусындатты. Көкшелік көрермендердің ыстық ықыласына бөленген С.Хасеновтің ұстазы Айгүл Қосанова шәкіртін 10 жылдық шығармашылық табысымен құттықтап, әннен шашу шашты. «Гәкку» би ансамблі де мың бұралған билерімен кештің сәнін кіргізді.

Кеш соңында Ақмола облысы мәдениет басқармасының басшысы А.Сәбитова мәдениет саласын дамыту ісіне қосқан үлесі мен Тәуелсіз Отанмыздың өсіп-өркендеу жолында атқарған қажырлы еңбегі үшін Хасенов Сәрсенбай Оразұлын ҚР Мәдениет және спорт министрі Абаев Дәурен Әскербекұлының алғыс хатымен, ал Айгүл Қосанованы Ақмола облысы әкімінің орынбасары Әміренова Алтынай Байқадамқызының алғыс хатымен марапаттады.

7 желтоқсан күні Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының сахна төрінде «Айнакөл» фольклорлық ансамблінің «Ғасырдан жеткен ғажап үн» концерті өтті. Ансамбльдің жетекшісі - «Мәдениет саласының үздігі» Әнуарбек Файзуллин.

2004 жылы құрылған «Айнакөл» фольклорлық ансамблі - дарынды, кәсіби, дайындықтары жоғары, майталман музыканттардан жинақталған ұжым. Ұжымның негізгі мақсаты – ұлттық мәдениетімізді, төл музыкамызды сақтап, дамыту, жаңғырту, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мәдени құндылықтарымызды жеткізу. Шыңдалған сан қырлы шығармашылығының, өзідік ерекше қолтаңбасының арқасында ансамбль әрдайым жаңарып, түрлену үстінде. Стилі мен жанрының саналуандығы жағынан ерекшеленетін ансамбльдің репертуары бай.

Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты атанған «Айнакөл» фольклорлық ансамблінің бұл концерттік бағдарламасы Тоқжан Жахинның «Сақ даласы» шығармасымен ашылды. Концерт барында филармонияның алдыңғы қатарлы ұжымдарының бірі «Гәкку» би ансамблі де өнер көрсетті. «Мәдениет қайраткері» Жанат Есов Ш.Қалдаяқовтың «Терiскей айналайын» әнін, Халықаралық байқаулардың лауреаты Бауыржан Нұрмұхан Кәкімбек Салықовтың «Жез киік», А.Сейдімбектің «Сарыарқа» әнін, Республикалық байқаулардың лауреаты Жанар Сақтағанова халық әні «Ахау керім» әнін көпшіліктің назарына ұсынды. Сонымен қатар «Айнакөл» фольклорлық ансамблі Е.Үсеновтің «Кербез сұлу», Н.Әшіровтің «Жыр қисса», М.Бердігұловтың «Дәуір дастан», Р.Қойшыбаевтың «Қарахан баба», Қ.Жұмағалидың «Ғасырлар үні» және тағы басқа да тың шығармарларды көрермендеріне тарту етті.

# Ұжымдар мен солистердің шығармашылық кештері, жеке концерттері





























FILARMONIASY
5 МАМЫР 18:30
«Мәдениет қайраткері»
Жанат Есов
50 жас
«Әрайна»
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ
Бағдарламада:
К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі
Бас дирижері және көркемдік жетекшісі: Жанат Рашит
Эстрадалық-үрленелі аспаптар оркестрі
Бас дирижері: Ерназар Уразалин
«Гәкку» би ансамблі
Жетекшісі: Гүлмира Ордабаева
Камералық хор:
Жетекшісі: Галина Колесникова
Билеттің бағасы:
2000 ₸
Абай көшесі, 160
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau


50 жас
«Мәдениет қайраткері»
Жанат Есов
«Әрайна»
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ






ÚKILI YBYRAI ATYNDAGY
FILARMONIASY
18.05
19:00
Nurgul
Nuriden
Padam... padam
Билеттің бағасы:
2000 ₸
Абай көшесі, 160
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau


FILARMONIASY
Nurgul
Nuriden
Padam... padam


Nurgul
Nuriden
Padam... padam


Padam...

# Ұжымдар мен солистердің шығармашылық кештері, жеке концерттері






















# Қайырымдылық концерті

Қайырымдылық – ізгіліктің көрінісі, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі. Қайырымдылық жасау әр адамның қолынан келетін іс.

14 қазан күні сағат 19.00-де филармония ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғазиза Жұмекеноваға қаржылай көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған қайырымдылық концерті өтті.

Ғазиза Жұмекенова филармония қабырғасында жұмыс істеген жылдары ішінде халық әндерінен бастап, ұлы ақындар: Естай, Мұхит, Әсет, Нұрхан, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырайдың әндерін шарықтата шырқап, көрермендердің көзайымына айналды. Сонымен қатар Е.Хасанғалиевтың, А.Еспаевтың, С.Кәрімбаевтың, К.Күмісбековтің, Ш.Қалдаяқовтың, А.Бейсеуовтің, Н.Тілендиевтің және басқа да танымал қазақстандық композиторлардың әндерін нақышына жеткізіп, ерекше сезіммен орындады. Мемлекенттік сыйлықтың иегері, ақын Фариза Оңғарсынова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Кәкімбек Салықовтың әндерін көрерменге паш етті. Олар Ғазиза Жұмекенованың әншілік дарынын қастерлеп, жоғарғы баға берді. Сонымен қатар күміс көмей әнші Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығына орай елбасы Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатымен марапатталды.

Бүгінгі кеш барысында сахна төрінен Ғазиза Жұмекенованың сүйіп орындаған әндері К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуінде үзеңгілес жолдастары мен филармонияның жас буын әншілерінің орындауында төгілді.






# Гастрольдік концерттер. Тәжірибе алмасу аясындағы концерттер

Мақсаты: облыстың мәдениет пен өнердегі жетістіктерін көпшілікке жеткізу, шығармашылық әріптестік, ауыл тұрғындарының рухани қажеттілігі мен мәдени демалысын қанағаттандыру, ақылы қызмет көрсету.

15, 17 наурыз күндері Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары Петропавл қаласына шығармашылық және гастрольдік ынтымақтастық меморандумы аясында іссапарға барды.

15 наурыз күні Петропавлдық көрермендер филармонияның бетке ұстар ұжымдарының бірі – симфониялық оркестрдің «Саундтреки к популярным кинофильмам» киномузыка кешін тамашалады. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Берік Сарыбай. Көкшелік талғампаз көрермендердің көңілінен шыққан бұл концерт петропавлдық өнер сүйер қауымға да ұнағаны сөзсіз.

Концерттік бағдарлама барысында танымал кинофильмдерден саундтректер мен әндер орындалды.

Ал 17 наурыз күні ел арасында сақталған ежелгі дәстүр бойынша Көрісу (Амал мерекесі) аясында филармонияның «Айнакөл» фольклорлық ансамблі мен «Гәкку» би ансамблі әдемі, көктемгі көңіл-күй сыйлайтын «Наурызым- нұрлы ырысым» концертімен Петропавл қаласына жолға шықты. Концерттік бағдарламада филармония солистері де өнер көрсетті.

18 наурыз күні Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы қонақжай халқымызға ортақ Көрісу (Амал мерекесі) аясында Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдарына есігін айқара ашты. Көкшелік көрермендердің назарына «Есіл мен Көкше бір аймақ» атты керемет концерт ұсынылды. Ұрпақты татулық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, ізеттілік пен мейірімділікке баулу амалдары қамтылған бұл дәстүр аясында дайындалған концерттік бағдарлама өте қанықты, мазмұнды. Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының «Әлқисса» фольклорлық ансамблі, «Әдемі-ау» қазақ би ансамблі мен танымал әншілер: Біржан Есжанов, Мұхит Ахметов, Ғалымжан Нұрпейісов, Еркебұлан Қарыпов, Іліс Қадырбаев, Лаура Күрлеутова, Ділназ Есжанова, Абылайхан Ақмағамбетов көктемнің шырайлы мерекесі –Ұлыстың Ұлы күнінің қарсаңында Көкшетаулық өнер сүйер қауымды құттықтап, әсем әндерімен, кербез билерімен тамсандырды.

1 сәуір күні «Көкшетау» МС-да «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы көрермендер назарына ел еркесі Қазақстанның және КСРО-ның Халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағлانованың 100 жылдығына арналған мерекелік концертті тарту етті.

Концерт композитор Бауыржан Ақтаев жетекшілік еткен «Астана сазы» мемлекеттік фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен өтті.

Бағдарламада күміс көмей әншінің орындаған «Ах, Самара городок», «Әдемі-ау», «Сыр сұлу», «Ақ тамақ» және т.б. да көпшілікке танымал әндері орындалды.

15 сәуір күні сағат 19.00-де Нұр-Сұлтан қаласының Конгресс-холл концерт залында Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы шығармашылық ұжымдарының «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» атты концерті өтті.

Концертке «Мәдениет саласының үздігі» Әнуарбек Файзуллин жетекшілік еткен «Айнакөл» фольклорлық ансамблі, «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева жетекшілік еткен «Гәкку» би ансамблі, филармония солистері: Эльмира Төлеубаева, Аякөз Қалмағанбетова, Серікболсын Бекмолдин, Сәрсенбай Хасенов, Шыңғыс Сәрсенбай, Фархат Сағымбай қатысты.

27 мамыр күні филармонияда Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясы Қазақ оркестрінің «Қазақстаным, менің» атты концерті өтті. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, профессор Айтқали Жайымов.

Оркестр құрамындағы әрбір музыкант өз ісінің майталман шеберлері, нағыз кәсіби мамандар. Әрқайсысы ерекше талант иесі болумен қатар, композиторлық қырынан да танылып үлгерген жандар. Бүгінгі таңда олар елімізде және алыс-жақын шет елдерде өнер көрсетіп, қазақ музыкасын кеңінен танытуда.

Концерттік бағдарламада оркестр құрамында көптеген жылдар еңбек етіп, ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуына зор үлес қосып келе жатқан композиторлардың: Мәдениет саласының үздіктері Н.Бекенов, Д.Әбілдинов, А.Жайым, ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Мұздаханова, «Құрмет» орденінің иегері Ж.Жүсіпованың шығармалары орындалды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық әртісі, профессор, көрнекті композитор Кенжебек Күмісбековтің бірнеше шығармасы көрермен назарына ұсынылды.

Концертте оркестрмен бірге филармонияның классикалық және эстрадалық вокал бөлімінің әншілері – халықаралық байқаулардың лауреаты Ә.Ораз, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері А.Әбілда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Е.Мұқашев, А.Рахымқызы өнер көрсетті.

Ал Конституция күніне арналған мерекелік концерт Бурабай баурайында өтті. «Айнакөл» фольклорлық ансамблі, «Гәкку» би ансамблі

мен филармония солистері көрермендерге ерекше шығармашылық кеш дайындады. Іс-шара жоғары патриоттық деңгейде басталды.

Сахнада үздік патриоттық шығармалар орындалды. Көрермендер залы курорттық аймақта демалушыларға толы болды. 1995 жылғы 30 тамыз - еліміздің шежіресіндегі тарихи күн. Бұл біз үшін ерекше мереке және Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы қаланған күннің маңыздылығын түсінеміз. Еліміз гүлденіп, дамып, өркендей берсін! Жақсы көңіл-күйге ие болған көрермендер концерттен кейін алған әсерлерімен бөлісті.

26 қыркүйек ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, дәстүрлі әнші, жыршы-термеші Хатимолла Жәңгірұлы Бердіғалиевтың 70 жасқа толуына арналған «Шырқал ән, төгіл дауыс» атты өнер кеші өтті.

Бұл өнер кешінде Хатимолла Жәңгірұлымен бірге «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, дәстүрлі әнші Қайрат Кәкімов, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, классикалық бағыттағы әнші Айбар Хайрханов өнер көрсетті.

Құт дарыған, өнердің киелі өлкесі Ақжайық елінен Көкше жерін әнімен баурап, тербетуге келген жыршы-термешінің репертуарында қазақтың үш жүзден астам халық әндері, Бұхар, Базар, Қашаған жыраулардың терме жырлары, Мұхиттың, Ғарифолланың, халық композиторларының әндері де бар.

Кеш барысында өнер сүйер қауым кең даланы әсем жырымен тербеткен, айтыскерлік табиғаты да бір бөлек, өмірі сыр, көңілі жыр Хатимолла Жәңгірұлының орындауында М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан «Естайдың әні», Мұхиттың «Дидар», Сыдық Мұхамеджановтың «Әйтеуір, сол қыз бір сұлу», Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ ерке Ақжайық» тағы басқа да танымал әндерді тыңдады.

Қазақ радиосының алтын қорында қазақ өнерін насихаттаушы дара тұлға Хатимолла Жәңгірұлы Бердіғалиевтың өнері туралы хабар бар және «Ел продюссерлік орталығында» жазылған 83 әні сақталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен Мәдениет Министрлігі шығарған «1000 ән» дискісіне Хатимолла Бердіғалиевтың орындауында 10 ән енгізілген.

9 қараша күні К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, профессор, «Халық күйшісі» төсбелгісінің иегері Орынбай Кәріғұлұлы Дүйсеннің «Күй ғұмыр» атты шығармашылық кеші өтті. Дирижерлері: Руслан Қойшыбаев, «Мәдениет қайраткері» Нұрлан Бекенов. Концертке халықаралық байқаулардың лауреаттары: Естай Айтқұлов, Айгерім Шалқарова, Құдайберген Табыс қатысты.

Бар өмірін өнерге арнаған, төл музыкамыздың қаймағын бұзбай, түпнұсқасын сақтап, келер ұрпаққа жеткізу жолында ерен еңбек етіп келе жатқан Орынбай Дүйсеннің «Күй ғұмыр» атты шығармашылық кеші

ерекше, мазмұнды шығармаларға толы, мәнді де мағыналы. Домбыраны төгілте ойнайтын, он саусағынан өнер тамған майталман күйшінің саусағынан сорғалаған күй жаныңды тербеп, жүрегіңді елжіретіп, алпыс екі тамырыңа бойлағаны сөзсіз. Домбыра күйлерін дәріптеп, насихаттаушылардың бірегейі Оранбай Дүйсен асыл уақытының жартысын оқу-әдістемелік құралдар, ән-күй, жеке және фольклорлық ансамбльдерге, оркестрлерге арнап шығармалар, партитуралар жазуға да бөлді. Оның тың еңбектері өскелең ұрпақ үшін таптырмас қазына.

Сахна шымылдығы дирижер Нұрлан Бекеновтің жетекшілік етуімен К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің орындауында Орынбай Дүйсеннің «Ұлы көш» күйімен ашылды. Кеш барысында күй атасы Құрманғазының, Сүгірдің, Қазанғаптың, Динаның, Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің өлмес, жауһар туындылары орындалды. Сонымен қатар майталман күйшінің әндері мен күйлері автордың орындауында көпшілікке тарту етілді.

24 қараша күні «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблінің 25 жылдығына арналған мерекелік шашу концерті өтті. Көркемдік жетекшісі - Қазақстан Республикасының халық әртісі Гаухар Мырзабекова. Дирижері Павел Тарасевич.

1997 жылы құрылған «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблі қазіргі таңда өзінің шыңдалған орындаушылық шеберлігімен, стилімен, қызықты да қайталанбас репертуарымен ерекшеленеді. Шетел сахналарын да бағындырып, өнерімен өз көрермендерін жинап үлгерген ансамбльдің болашағы зор. Ширек ғасыр ішінде камералық музыканың үздік үлгілері, жауһар туындыларымен репертуарын толықтырған ансамбльдің әр концерті көрермендер үшін нағыз сый.

29 қараша күні Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының эстрадалық және джаз музыкасы оркестрінің «The BEST» концерті өтті. Көркемдік жетекшісі «Мәдениет қайраткері» Геннадий Брюханов.

Концерт барысында солистер: Л.Зорина, Ю.Стадухина, М.Кузнецова, М.Абильда, А.Сундет, Ю.Яворская, А.Ерман, «Melomix» тобы мен «Diamonds» дуэті өнер көрсетіп, көкшелік көрермендерге әннен шашу шашты. Концерттік бағдарламада көпшіліктің сүйіп тыңдайтын, танымал джаз шығармалары орындалды.

24 желтоқсанда филармония залында танымал виолончелист Бағжан Октябрьдің құлақтан кіріп, бойға тарап, жанды жайландыратын, жүректі баурайтын «Терапия души» концерті өтті. Концерт Қазақстандық көрермендердің көңілінен шықты.

# Гастрольдік концерттер.
# Тәжірибе алмасу аясындағы концерттер
























# Халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысу және өткізу

Мәдениет саласында халықаралық деңгейдегі ынтымақтастыққа жағдай жасау, қазақтың ұлттық мәдениетін байыту мен тұтастығын сақтау тұрғысында шет елдерде тұратын отандастармен мәдени байланысты дамыту, Қазақстан Республикасының абырой-беделін шет елдерде жоғарылату болып табылатын филармонияның басты мақсаттары келесі іс-шараларды іске асырумен жүзеге асты.

3 шілде күні барша Қазақстан халқы Ұлттық домбыра күнін атап өтеді. Нұр-Сұлтан қаласында өткен Ұлттық домбыра күніне арналған республикалық іс-шараға К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі қатысты.

Қркүйек айында Түркияелінде IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындары басталды.

Жарыс 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Түркияның солтүстік-батысындағы Изник ауданында өтті. Көшпенділер ойындары бұрын Қырғызстанның Ыстықкөл көлінің жағалауында үш рет (2014, 2016 және 2018 жылдары) өткізілді. Жарысты Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясы ұйымдастырады. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатына Түркия президенті Реджеп Тайип Эрдоган қатысты. Ойындарға әлемнің 102 елінен 3 мыңнан астам спортшы қатысты. Жарыс спорттың 13 түрі бойынша өткізілді. Спортшылар күрес, ат спорты және садақ ату бойынша бақ сынасты. Ойын алаңында шеберханалар, сондай-ақ шатырлар орналастырылған. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ауқымды концерттік бағдарламасына филармония ұжымдары: «Айнакөл» фольклорлық ансамблі мен «Гәкку» би ансамблі қатысып, еліміздің мерейін асырып, абыройын асқақтатып, көк туымызды шет елде желбіретіп келді.

Тағы бір айта кетерлік ауқымды іс-шаралар қатарында Көкшетау қаласындағы Дирижерлеу бойынша тұңғыш ашық халықаралық мастер-курсы. Бұл - жоба авторы Абзал Мұхитдиновтың жетекшілігімен жүргізілетін үш күндік қарқынды курс. Дирижерлеу бойынша ашық халықаралық мастер-курсқа барлық деңгейдегі дирижерлер қатысты, жас ерекшелігіне шектеу қойылмады. Курс бағдарламасында әртүрлі жанрлар мен стильдегі шығармалар қамтылды. Мастер-курс қатысушыларға алдына қойылған міндеттерді шешу жолында белсенді қызметі арқылы жаңаны үйрену және өз тәжірибесімен бөлісуге жол ашады. Ашық халықаралық мастер-курстың идеясы - халықаралық деңгейдегі танымал шеберлер өз әріптестеріне өздерінің ерекше жұмыс тәсілдерін көрсетеді.

Қатысушылар мен тыңдаушылар музыка жауһарларының дүниеге келу процесіне атсалысып, күнделікті өмірде қол жеткізе бермейтін, танымал, атақты шеберлердің уақытша шәкірті болды.

Бұл іс-шараның мақсаты шығармашылық тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік әріптестермен ұзақ мерзімді өзара байланысты (кооперация) бастау; тыңдаушы аудиториясын әлем классиканың үздік үлгілерімен таныстыру, Қазақстандағы дирижерлік өнер мектебін дамыту болып табылады.

Арнайы шақырылған майталман шеберлер (дирижерлер):

Мункхаир Эрденобаатар (Моңғолия)

Ханно Мьолдеркиви (Эстония)

Янг Гонгуй (Жапония)

Дирижерлеу бойынша ашық халықаралық мастер- курстың қорытындысы симфониялық оркестрдің гала-концертімен аяқталды.

Қазақстанның вокалистер одағы аты аңызға айналған опера әншісі Күләш Байсейітоваға арналған концерттерді жыл сайын беруді дәстүрге айналдырды. Астана қаласында КСРО Халық әртісі және Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Күләш Байсейітованың 110 жылдығына арналған «Күләштің әні» вокалдық музыка кеші өтті. «Астана Опера» МОБТ-тың сахна төрінде өткен кешке Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясынан Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Шолпан Дүкімбаева қатысып, өз өнерін ортаға салды. Жез таңдай, күміс көмей әншінің шығармашылығын насихаттау мен музыка өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Шолпан Дүкімбаева «Күләш Байсейітова» атындағы медальмен және грамотамен марапатталды.

# Халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысу және өткізу
















# Халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысу және өткізу

















# Негізгі қызмет

«Музыкалық кофехана» жобасы - көрермендердің көңілінен шыққан жоба. Қазіргі таңда музыкалық кофехананың өз көрермендері, өз тыңдармандары бар. Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының Музыкалық кофехана жобасы аясында «Музыка Испании», «Очарование романса», «Мелодии солирующих инструментов», «Ночь в музыке» концерттері өтті. Дәрісші-музыкатанушы: Юлия Никитенко. Классикалық шығармалардан бастап заманауи эстрадалық композициялар қамтылған бағдарламалар өте құнарлы болып келеді. Концерттік бағдарламаларға филармонияның шығармашылық ұжымдары, шығармашылық бөілмнің әншілері, аспапшылары қатысады.

Композитор, педагог, Үшінші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың лауреаты (1951), Армян КСР Халық әртісі (1962), КСРО Халық әртісі (1971) Арно Бабаджанянның шығармашылығына арналған «Верни мне музыку» концерті өтті. Концерттік бағдарламада эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі (бас дирижері «Мәдениет қайраткері» Ерназар Уразалин), камералық хор (хормейстері «Мәдениет саласының үздігі» Галина Колесникова), «Гәкку» би ансамблі (жетекшісі «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева) және филармония әншілері өнер көрсетті. Арно Бабаджанян өз заманында Р.Рождественский, М.Магомаев, Андрей Вознесенский, Евгений Евтушенко, Андрей Дементьев және т.б. тұлғалармен шығармашылық байланыста болды. Бұл жұлдыздар ынтымақтастығы керемет туындыларды дүниеге әкелуге, жемісіне бөленуге мүмкіндік берді. «Свадьба», «Благодарю тебя», «Позови меня» или «Загадай желание» әндері хитқа айналып, көпшіліктің аузынан, радиодан түспеді. Ал «Королевы красоты», «Лучшего города Земли», «Чертова колеса» сонымен қатар «Ноктюрн» шығармаларынсыз эстрада өнерінің алтын ғасырын елестету мүмкін емес. Арно Бабажанянның өлмес туындыларын кезінде бүкіл Кеңес Одағы білді және шарықтата шырқады. Филармония әншілері Серікболсын Бекмолдин Эльмира Камарницкая, Аякөз Қалмағанбетова, Марина Зяблинцева , Фархат Сағымбай «Мәдениет қайраткерлері» Ләззат Едрисова, Жанат Есов эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі мен камералық хордың сүйемелдеуінде Арно Бабаджанянның есімін мәңгі есте қалдырған хит әндерін орындап, көпшілікке тарту етті. «Гәкку» би ансамблі де әсем би қойылымдарымен кештің сәнін кіргізді.

Филармония қабырғасында симфониялық оркестрдің «Саундтреки к популярным кинофильмам» киномузыка кеші өз көрермендерін жинады, көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Берік Сарыбай. Концерттік бағдарлама барысында танымал кинофильмдерден саундтректер мен әндер орындалды. Фильмдердегі музыка мен әндердің орны ерекше,

олардың арқасында фильмдер түрленіп, жаңа қырынан көрінеді. Дыбыстық киноны ойлап тапқаннан бері музыка мен кино бір-бірінен ажырамастай болып біртұтасты. Кейде саундтректер сол фильмдерінен де асып түсіп, танымал болып жатататындығыда бар. Концерттік бағдарлама ДЖ.Уильямстың «Star Wars» шығармасымен ашылды. Концерт барысында симфониялық оркестрдің орындауында «Розовая Пантера», «Бригада», «Профессионал», «Матрица» фильмдерінен алынған саундтректер көпшіліктің назарына ұсынылды. Жез таңдай әнші Марина Зяблинцева 007: Координаты «Скайфолл», Эльмира Камарницкая Кристен Андерсеннің музыкасына жазылған кішкентай көрермендер сүйіп тамашалайтын мультфильм «Холодное сердце» әнін, «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева «9 врата» фильмінен Войцех Килярдың «Вокализ» туындысын өз көрермендеріне тарту етті. Сонымен қатар «Титаник», «Список Шиндлера», «Пираты Карибского моря», «Игра престолов, «Такси», «Мститель», «Питер Ганн» сынды танымал фильмдердің саундтректері орындалды.

«Көкшетау»МС-да 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналыс өтті. Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев өңіріміздің нәзік жанды әйелдер қауымын төл мерекелерімен құттықтап, олардың ел тәуелсіздігінің қалыптасуы мен дамуындағы рөлін атап өтті. Салтанатты марапаттау рәсімінен кейін көрермендерге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Жеңіс Сейдоллаұлы мен Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы әншілерінің қатысуымен дайындалған концерттік бағдарлама ұсынылды. Сонымен қатар атаулы мерекеге «GENTL VOICES» вокал квартеті, «Реверанс» би-спорт клубы, «Көкшетау»МС би ұжымдары қатысты. Симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен Нұржайнар Әбілхайырова, Ернұр Төкен «Анашым» әнін көпшілікке тарту етті. Сонымен қатар Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары көктемнің шырайлы да шұғылалы мерекесінің қарсаңында бірқатар концерттер беріп, аяулы жандарды төл мерекелерімен құттықтады. 3 наурыз күні Қазақстан халқы ассамблеясы, облыстық аурухана, 4 наурыз «Достар» МҮ, 5 наурыз Облыстық сот, №1 емхана қызметкерлерін құттықтап, іс-шараларға қатысты. Ал 5 наурыз күні филармонияның концерт залында «Тыныс»АҚ-ның қызметкерлеріне арналған әдемі кеш өтті.

Көпшіліктің сұрауы бойынша композитор, педагог, Үшінші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың лауреаты (1951), Армян КСР Халық әртісі (1962), КСРО Халық әртісі (1971) Арно Бабаджанянның шығармашылығына арналған «Верни мне музыку» концерті қайта берілді. Концерттік бағдарламада эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі (бас дирижері «Мәдениет қайраткері» Ерназар Уразалин), камералық хор (хормейстері «Мәдениет саласының үздігі» Галина Колесникова), «Гәкку» би ансамблі

(жетекшісі «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева) және филармония әншілері өнер көрсетті.

Танымал композитор, тамаша пианист Арно Бабаджанянның өлмес туындылары көпшіліктің назарына ұсынылды.

2011 жылдан бастау алған «Көкшетау – тал бесігім» музыкалық фестивалі - көкшетаулықтар үшін ерекше, өзіндік орны бар іс-шара. Бұл фестиваль көкшенің тал бесігінде тербеле, шығармашылығын шыңдаған шығармашыл тұлғаларды жыл сайын бір сахна төріне жинауға мүмкіндік беретін бірегей іс-шара. Фестиваль барысында жерлестеріміз - танымал әртістер мен көрнекті қоғам қайраткерлері өз өнерлерін ортаға салып, туған жерін ән мен жырға бөлейді. Фестивальдің осындай табысқа жетіп, мәртебесінің өсуі - осы күнге дейін бір қолдан жетекшілік етіп, тың идеяларын ортаға салып, рухани шабыт беріп келе жатқан көркемдік жетекшісі «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Абзал Мұхитдиновтың ерен еңбегінің арқасы. Фестиваль аясында К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Жанат Рашит. Сонымен қатар танымал дирижерлер: Тұрлыхожа Базаров (Көкшетау қ.), Руслан Баймурзин (Нұр-Сұлтан қ.), Қайырлы Ғафуров (Петропавл қ.), Берік Оразалин (Қостанай қ.), Руслан Қойшыбаев (Көкшетау қ.) қатысты. Сонымен қатар Симфониялық оркестр де концерт берді. Көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Берік Сарыбай. Концертке «Астана Опера» МОБТ-тың дирижері Абзал Мұхитдинов пен әртістері: Бағдат Әбілханов (скрипка), Дамиля Махпирова (гобой), Алексей Косырев (флейта), Алмаз Тоқпанов (кларнет), Әсет Нелдібаев (фагот), Марат Қонысбаев (волторна), Жания Мұхитдинова (гобой) қатысты.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес 2013 жылы мереке ретінде белгіленді. Бұл - халқымыздың бай мәдениеті мен өрелі өнерінің дамуына үлес қосып келе жатқан адамдардың кәсіби төл мерекесі.

Салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі, мәдениеті мен өнері дамыған елдің әрдайым еңсесі биік, рухы жоғары болады. Мәдениет пен өнер – қоғам дамуының негізгі көзі.

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары осы мерекеге орай Мәдениет және өнер қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, 21 мамыр күні филармония алдында концерт берді. Халқымыздың асыл мұрасын насихаттап, келер ұрпаққа жеткізу жолында бел шешпей өнер көрсетіп келе жатқан К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі қанықты концерттік бағдарламасын көпшіліктің назарына ұсынды. Оркестрдің сүйемелдеуімен филармония әншілері: «Мәдениет қайраткерлері» Гүлжан Ахметова мен Жанат Есов, Республикалық байқаулардың лауреаттары Эльмира Төлеубаева, Аягөз Қалмағанбетова, Элмира Нысанбаева, Мирзат Молдаханов өз өнерлерін ортаға салды.

75-концерттік маусымның жабылуы аясында Воколды-хор музыка кеші өтті. Жетекшісі «Мәдениет саласының үздігі» Галина Колесникова. Концертке дирижер Берік Сарыбай жетекшілік еткен симфониялық оркестр, дирижер Жанат Рашит жетекшілік еткен камералық музыка ансамблі қатысты. Концерттік бағдарлама камералық хордың орындауындағы a,cappella шығармаларымен басталды. Фортепиано, камералық музыка, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуінде хор мен филармония әншілері: «Мәдениет қайраткері» Жанат Есов, «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева, Мария Кокареваның орындауындағы тың туындылармен жалғасын тапты. Халық әндерінен бастап классикалық шығармаларды қамтыған концерттік бағдарлама қанықты, мазмұнды шықты.

22-23 маусым күндері қатарынан филармонияның концерт залында симфониялық оркестрдің «Саундтреки к популяным к/ф» атты концерті өтті, бас дирижері - Берік Сарыбай. Концерттік бағдарлама танымал советтік және шетелдік кинофильмдерден алынған музыкалар мен әндерден тұрады. Шетелдік кинематографияға табынушылар «Рокки 3», «Гладиатор», «Телохранитель», «Хатико», «9 врата», «Мстители», «Великолепный век» және т.б да сүйікті фильмдерінен алынған музыкалық шығармаларды тыңдай алды. Сонымен қатар «Шрек», «Мадагаскар» сынды жас көрермендердің сүйікті мультфильмдеріне жазылған саундтректер оркестрдің орындауында көпшіліктің назарына ұсынылды. Симфониялық оркестрмен бірге филармония әншілері: «Мәдениет қайраткері» Жанат Есов, «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева, Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары: Эльмира Камарницкая, Марина Зяблинцева өнер көрсетіп, бұл кеште көрермендеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Оркестрлер түні Көкшетау қаласында алғаш рет өтті. Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы ашық аспан астында өнер көрсетті. Қопа көлінің жағалауында Қазақстан Республикасының Астана күніне арналған керемет концерт барысында көрермендер Кенжебек Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі мен симфониялық оркестрдің, эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрінің шығармашылығымен танысты. Көпшілік Ш.Қалдаяқов, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов сынды танымал Қазақстандық композиторлардың өлмес туындылары мен «Звездные войны», «Пираты карибского моря», «Титаник» және т.б. да сүйікті кинофильмдерінен алынған саундтректерді оркестрлердің орындауында тыңдауға мүмкіндік алды.

Керемет түннің куәсі болған халық әдемі кештен қуат алып, жыл бойына жетерлік көтеріңкі көңіл-күйге бөленді.

Ал бас дирижер Берік Сарыбайдың жетекшілігімен өткен симфониялық оркестрдің «Классикалық музыка кеші» Айнұр Камалова (арфа) мен Алексей Косырев (флейта) қатысуымен өтті. Филармония

сахнасында алғаш рет симфониялық оркестрдің орындауында ұлы Вольфганг Амадей Моцарттың концерттік симфониясы орындалды.

Концерттік бағдарламада аты аңызға айналған композиторлар И.С.Бах, В.А.Моцарт, Ж. Массне, Е.Рахмадиев, К.Сен-Санс, И.Дунаевский, Э.Морриконе, Л.Андерсон, Г.Форе, Дж.Россинидің шығармалары орындалды. Кешті Татьяна Кирьянова жүргізді.

Филармония қабырғасында музыкант, аранжировщик Арман Ищановты еске алу кеші өтті. Арман ұзақ жылдар бойы бар өмірін өнер жолына арнады, студенттік кезінен бастап музыка жазып, кейіннен кейбір шығармалардың сөзін жазып, әрдайым ізденіс үстінде жүрді. Өзін ақын ретінде де көрсете білді. Республикалық байқаулардың лауреаты Арман Ищанов «Айналайын» балалар шығармашылық байқауының әнұранын жазды. Ш.Құсайынов атындағы қазақ музыкалық драма театры мен Көкшетау қаласының орыс драма театрының спектакльдеріне, сонымен қатар Ақмола облыстық филармониясының қойылымдары мен солистері үшін музыка жазып, аранжировка жасады. Табиғи талант иесі, мейірімді жан танымал Көкшетаулық ақындармен және үлкенді-кішілі әншілермен, қаламыздың көптеген музыканттарымен, өнер иелерімен адал достық қарым-қатынаста болып, бірнеше шығармашылық жобаларды дүниеге әкелуге себепші болды. Ақмола облыстық филармониясының қабырғасында өткен еске алу кешіне Арманмен өнер жолында, өмір жолында дәмдес болған, бірге жүрген барлық туыстары, дос-жарандары, әріптестері және де өз ісіне адал, жарқын музыканттың шығармашылығына қызығушылық танытқан көпшілік жиналды.

Сонымен қатар филармония төрінде қазақтың көрнекті композиторы, ән жанрының әйгілі майталманы, осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың шығаршашылығына арналған К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің «Бақыт құшағында» атты ән кеші өтті. Дирижері «Құрмет» орденінің иегері Тұрлыхожа Базаров, көркемдік жетекшісі және бас дирижері Жанат Рашит.

Артынан сырлы, нәзік, ырғақты 300-ге жуық ән жазып қалдырған, «Қазақ вальсінің королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың өлмес мұрасы – сазды әндері бұл кеште филармония әншілерінің орындауында төгілді.

Ақмола облыстық филармониясының концерт залында «Тыныс» АҚ өздерінің еңбек ардагерлерін төл мерекелері – Қарттар күнімен құттықтап, ыстық лебіздерін білдірді, ал филармонияның шығармашылық ұжымы осы іс-шараны концерттік бағдарламасымен әрлендіре түсті. Бұл мерекелік кеште бас дирижер Ерназар Уразалин жетекшілік еткен эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрі, «Гәкку» би ансамблі өнер көрсетті. «Мәдениет қайраткерлері» Ләззат Едрисова мен Жанат Есов, Эльмира Нысанбаева, Эльмира Камарницкая, Марина Зяблинцева әсем әнмен шашу шашты.

Солист, Халықаралық байқаулардың лауреаты Әсел Әбілсейітованың (фортепиано) қатысуымен симфониялық оркестрдің концерті өтті. Көркемдік жетекшісі және бас дирижері - Берік Сарыбай.

Лондондағы Корольдік Музыка академиясы мен Швейцарияның Базель қаласындағы Жоғарғы музыка мектебі магистратурасының түлегі Әсел Әбілсейітова қазіргі таңда Қазақстан мен Еуропа сахналарында өнер көрсетіп, концерттерін беріп жүр. Ал оқу оқып жүрген жылдары Джон О'Коннор, Паскаль Девойон, Евгений Судьбин, Саймон Кроуфорд-Филлипс сынды танымал музыканттардың мастер-кластарына қатысып, тәлім-тәрбие алды, Ян Шмольк, Левон Чилингирян, Максим Венгеровпен бірге жұмыс жасап, шеберлігін шыңдады, сонымен қатар британдық пианист Иэн Фоунтэйн басшылығымен Әсел Ұлыбритания, Италия, Германия, Швейцария және Франция сахналарында өнер көрсетіп, үлкен концерттік тәжірибе жинақтады. Филармонияның 76-концерттік маусымның ашылуы аясында Әсел Әбілсейітова симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен музыка өнерін бағалаушылардың назарына С.Рахманиновтың 3 бөлімнен тұратын Оркестрмен фортепианоға арналған №3 концертін ұсынды. Сонымен қатар оркестр А.Серкебаевтың «Шалқыма», Дж.Россинидің «Сорока-воровка» операсына арналған увертюраны көрермендеріне тарту етті.

76-концерттік маусымның ашылуы аясында К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің концерті өтті. Көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Жанат Рашит. Кешке арнайы шақырылған қонақтар – Қырғыз Республикасының халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, «ДАҢҚ» орденінің кавалері, профессор Бақтыбек Тилегенов және солист, халықаралық байқаулардың лауреаты Шарипбек уулу Расулбек.

Бүгінгі кеште көрермендер достығы жарасқан екі елдің тың шығармашылығымен танысты. Күмбірлеген қазақтың қара домбырасымен жарыса төгілген қырғыздың ұлттық аспабы – комузды да тыңдауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар Әбілсерік Камашев (домбыра) пен Шарипбек уулу Расулбектің (комуз) орындауында күй тартысты тамашалады. Қырғызстанның танымал дирижері Бақтыбек Тилегеновтің жетекшілігімен К.Күмісбеков атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі А.Айталиевтың «Нарындан жазган салам кат», «Жылкычылар», А.Жумакматовтың «Ак-куу» т.б. да қырғыз халқының төл туындыларын орындады. Оркестр дирижер Жанат Рашиттың жетекшілігімен К.Күмісбековтің «Еңбек салтанаты», «Сары өзен саздары», Ереулі атқа ер салмай», Құрмағазының «Сарыарқа», «Балбырауын» және т.б. да тамаша туындыларды көрермендеріне тарту етті. Жезтаңдай әншілер Аякөз Қалмағанбетова мен Жанар Сақтағанова да өз өнерлерін ортаға салды.

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының шығармашылық ұжымдары Ақмола облысы әкімі Е.Маржықпаевтың қатысуымен Петропавль-Көкшетау темір жолына 100 толуына орай өткен

салтанатты іс-шараға қатысты. Іс-шараның концерттік бөлімінде Әнуарбек Фвйзуллин жетекшілік еткен «Айнакөл» фольклорлық ансамблі мен Гүлмира Ордабаева жетекшілік еткен «Гәкку» би ансамблі өнер көрсетті. Филармонияның күміс көмей әншілері: Жанар Сақтағанова халық әні «Ахау керім», Эльмира Камарницкая мен Фархат Сағымбай И.Сапарбайдың «Сен болмасаң», Аякөз Қалмағанбетова мен Абзал Ес Л.Денцаның «На качелях» әнін өнер сүйер қауымға тарту етті. «Айнакөл» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен Бауыржан Балтин мен Саят Бабаевтың орындауындағы күй тартыс көрермендердің көңілінен шықты.

Камералық музыка ансамблінің «От старинной до современной музыки» концерті өтті. Дирижері Жанат Рашит. Ансамблінің концертінде XV ғасырдан бастап XXI ғасыр аралығындағы өлмес туындылар орындалды. Ансамбльдің орындауында көрермендер ғасыр қойнауынан сыр тартқан жауһар туындыларды тыңдауға мүмкіндік алды. Г.Бибердің «Батталия», Э.Григтің «Из времен Хольберга», П.И.Чайковскийдің «Вальс из струнный серенады», қазіргі заманғы композиторлар Арман Жайымның «Қара жорға», «На охоте» шығармалары көрермендер назарына тарту етілді. «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева Г.Гендельдің «Альцина» операсынан Моргана ариясын, Аягөз Қалмағанбетова Дж.Пуччинидің «Джанни Скикки» операсынан Лауретта ариясын, Серікболсын Бекмолдин В.А.Моцартттың «Свадьба Фигаро» операсынан Фигаро ариясын орындаса, Анна Батлукова флейта аспабында В.А.Моцартттың «Квартет D-dur с флейтой» шығармасын өз аспабына салып, құлақ күйін келтіре орындады.

Симфониялық оркестр өз көрермендеріне Түрікмен Республикасының танымал дирижері және композитор Ровшен Непесовтың қатысуымен дайындаған мерекелік бағдарламасын ұсынды. Бас дирижері Берік Сарыбай.

Концерттік бағдарлама аясында кешке арнайы шақырылған қонақ - Түрікменстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор, дирижер әрі пианист Ровшен Непесов өзінің авторлық туындыларын орындалды.

Кеш барысында симфониялық оркестр Ровшен Непесовтің авторлық «Осенний вальс», «Танго», «К маме», «Элегия», «Фантазия» және т.б. атақты төл туындыларын көрермендеріне тарту етті. Сонымен қатар филармония әншілері: Эльмира Камарницкая Mariah Carey «All I Want for Christmas», Аягөз Қалмағанбетова Р.Непесовтің «Дилег», Саида Сағди Р.Непесовтің «Пришёл новый год пришел» композицияларын орындайды. Концертке филармонияның бетке ұстар алдыңғы қатарлы ұжымдарының бірі «Гәкку» би ансамблі де қатысты.

Бас дирижер және көркемдік жетекші Ерназар Уразалинның жетекшілік етуімен эстрадалық-үрлемелі аспаптар оркестрінің «New year time» атты жаңа жылдық концерті өтті. Көрермендер алдында «Мәдениет қайраткері» Жанат Есов, «Мәдениет саласының үздігі» Ләззат Едрисова,

жезтаңдай әншілер Аягөз Қалманғабетова, Марина Зяблинцева, Эльмира Камарницкая, Әйгерім Дәулетхан, Саида Сағди өнер көрсетті.

Концерттік бағдарлама барысында жаңа жылдық кинофильмдерден әндер, рождестволық әдемі сазды әуендер, шетелдік эстраданың танымал хиттері орындалады.

Шетелдерде Жаңа жыл кеші 1980 жылы шыққан, шведтік ABBA квартетінің «Happy New Year» керемет хитінсіз өтпейді. Сонымен қатар бағдарламада танымал музыканттар Мэрайи Кэри, Фрэнк Синатрдың жаңа жылдық хит әндері орындалады. Эльдар Рязановтың «Карнавал түні» (1956) музыкалық комедиясынан басты жаңа жылдық отандық хиттердің бірі «Песенка про пять минут» әні шырқалды. «Синий иней», «Снежинка», «Цветы под снегом», «Три белых коня», «А снег идет» әндеріне қоса осы кеште орындалған танымал жаңа жылдық кинофильмдердегі Александр Зацепиннің жауһар классикалық туындылары өз көрермендеріне жаңа жыл алдында көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.


FILARMONIASY
Великая музыка, великих стран
8
ФЕВРАЛЯ
18:30
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
Испания
Лектор-музыковед
Юлия Никитенко
В ПРОГРАММЕ:
- симфонический оркестр
- ансамбль камерной музыки
- камерный хор
- ансамбль танца «Гакку»
- солисты
Живой звук
Билеттің бағасы: 2000 ₸








Великая музыка, великих стран
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ


МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ


FILARMONIASY
КОНЦЕРТ
25
МАРТА
18:30
«Верни мне музыку»
АРНО Бабаджанян
- ЭСТРАДНО-ДУХОВОЙ ОРКЕСТР
главный дирижер «Мәдениет қайраткері» Ерназар Уразалин
- КАМЕРНЫЙ ХОР
хормейстер «Мәдениет саласының үздігі» Галина Колесникова
- АНСАМБЛЬ ТАНЦА «ГӘККУ»
руководитель «Мәдениет саласының үздігі» Гульмира Ордабаева
Солисты
Живой звук
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


АРНО Бабаджанян
«Верни мне музыку»


АРНО
«Верни мне музыку»


АРНО Бабаджанян
«Верни мне музыку»


SCHINDLER'S LIST


27
февраля
17:00
FILARMONIASY
«САУНДТРЕКИ
К ПОПУЛЯРНЫМ КИНОФИЛЬМАМ»
Симфонический оркестр
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


TITANIC


Симфонический оркестр


FILARMONIASY
14 АПРЕЛЯ 18:30
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
НЕСЕРЬЁЗНАЯ МУЗЫКА
СЕРЬЁЗНЫХ КОМПОЗИТОРОВ
Лектор-музыковед Юлия Никитенко
Звук
УЧАСТВУЮТ:
- Ансамбль камерной музыки дирижер Жанат Рашит
- Симфонический оркестр главный дирижер Берик Сарыбай
- Камерный хор руководитель Галина Колесникова
Солисты:
Концертмейстеры:
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ASHYQ
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы: 2000 ₸


НЕСЕРЬЁЗНАЯ МУЗЫКА
СЕРЬЁЗНЫХ КОМПОЗИТОРОВ




RADETZKY-MARSCH




Дирижерлер шеруі


Дирижерле


22/04 18:30
Қ.Жұмісбеков атындағы
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ
Көркемдік жетекшісі және бас дирижері:
Жанат Рашит
Көкшетау - тал бесігім
Көкше MUSIC FEST
23/04 17:00
КОНЦЕРТ СИМФОНИЧЕСКОГО ОРКЕСТРА
Художественный руководитель и главный дирижер:
Берик Сарыбай
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы: 2000 ₸


Дирижерлер шеруі


Дирижерлер шеруі


16 ИЮНЯ 19:00
Закрытие юбилейного 75-го концертного сезона
ВЕЧЕР ВОКАЛЬНО-ХОРОВОЙ МУЗЫКИ
КАМЕРНЫЙ ХОР
СИМФОНИЧЕСКИЙ ОРКЕСТР
АНСАМБЛЬ КАМЕРНОЙ МУЗЫКИ
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы: 2000 ₸


ВЕЧЕР ВОКАЛЬНО-ХОРОВОЙ МУЗЫКИ
КАМЕРНЫЙ ХОР


ВЕЧЕР ВОКАЛЬНО-ХОРОВОЙ МУЗЫКИ
КАМЕРНЫЙ ХОР


The Best
SOUNDTRACK


SOUNDTRACK




FILARMONIASY
22,23 ИЮНЯ 19:00
The Best
SOUNDTRACK
СИМФОНИЧЕСКИЙ ОРКЕСТР
Звук
Художественный руководитель и главный дирижер:
Берик Сарыбай
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы: 2000 ₸


Вечер
классической музыки


14 СЕНТЯБРЯ
19:00
Вечер
классической музыки
Айнур Камалова
(арфа)
СИМФОНИЧЕСКИЙ
ОРКЕСТР
Главный дирижёр:
Берик Сарыбай
Ведущая:
Татьяна Кирьянова
Алексей Косырев
(флейта)
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ул. Абая, 160
Цена билета:
2000 ₸
ТИКЕТОН


28/09
19:00
Музыкант, композитор,
музыка көркемдеуші
ЕСКЕ АЛУ К
29-37-30, 8-702-593-73-31


ЕСКЕ АЛУ КЕШІ


29 қыркүйек
19:00
«Бақыт
құшағында»
Шәмші Қалдаяқов
ӘНДЕРІНІҢ КЕШІ
Қ. Күмісбеков атындағы
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ
АСПАПТАР ОРКЕСТРІ
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸
ТИКЕТОН






Шедевры Мировой классики
СИМФОНИЧЕСКИЙ ОРКЕСТР


4 октября
19:00
СИМФОНИЧЕСКИЙ
ОРКЕСТР
Художественный руководитель и
главный дирижер:
Берик Сарыбай
Солист
Лауреат Международных конкурсов
Асель
Абильсеитова
(Швейцария - Казахстан)
ФОРТЕПИАНО
Абай көшесі, 160
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
ТИКЕТОН
Билеттің бағасы:
2000 ₸


30 октября
14:00
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
ОЧАРОВАНИЕ романса
Лектор - музыковед: Юлия Никитенко
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
улица Абая, 160
Цена билета:
2000 ₸


ОЧАРОВАНИЕ романса


18 қазан
19:00
76-концерттік маусымның ашылуы
Қ. Күмісбеков атындағы
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ
Бас дирижері және көркемдік жетекшісі:
Жанат Рашит
КЕШ ҚОНАҚТАРЫ:
дирижер:
Қырғызстанның Халық әртісі,
Профессор
Бақтыбек Тилегенов
солист:
Шарипбек уулу Расулбек
(Қырғызстан)
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
Абай көшесі, 160
Билеттің бағасы:
2000 ₸


Қ. Күмісбеков атындағы
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ
АСПАПТАР ОРКЕСТРІ


Қ. Күмісбеков атындағы
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ
АСПАПТАР ОРКЕСТРІ


FILARMONIASY
Ночь в музыке
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
лектор-музыковед: Юлия Никитенко


FILARMONIASY
22 ноября
18:30
Г.Гладков
Музыкальная сказка
Бременские музыканты
Режиссер: Т.Валеев
Рассказчик: Т.Кирьянова
ЭСТРАДНО-ДУХОВОЙ ОРКЕСТР
КАМЕРНЫЙ ХОР
АНСАМБЛЬ ТАНЦА «ГАККУ»
СОЛИСТЫ ФИЛАРМОНИИ
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
улица Абая, 160
Цена билета:
2000 ₸


FILARMONIASY
18 ноября
18:30
Ночь в музыке
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
лектор-музыковед: Юлия Никитенко
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
улица Абая, 160


FILARMONIASY
Ночь в музыке
МУЗЫКАЛЬНАЯ КОФЕЙНЯ
лектор-музыковед: Юлия Никитенко


FILARMONIASY
12 декабря
18:30
КОНЦЕРТ
АНСАМБЛЯ
КАМЕРНОЙ МУЗЫКИ
Дирижер: Жанат Рашит
Солисты: Валерия Болиева ( сопрано)
Аякоз Калмаганбетова (сопрано)
Анна Батлукова (флейта)
Серикболсын Бекмолдин (баритон)
Лектор-музыковед: Юлия Никитенко
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
улица Абая, 160
Цена билета:
2000 ₸


FILARMONIASY
КОНЦЕРТ
КАМЕРНОЙ МУЗЫКИ


КОНЦЕРТ
симфонического
ОРКЕСТРА
Главный дирижёр: Берик Сарыбай


ÚKILI YBYRAI ATYNDAGY
FILARMONIASY
23 декабрь
18:30
КОНЦЕРТ
симфонического
ОРКЕСТРА
Главный дирижёр:
Берик Сарыбай
Заслуженный деятель искусств
Композитор и дирижёр:
Ровшен Непесов
(Республика Туркменистан)
Солисты:
Эльмира Камарницкая, Аякоз Калмаганбетова
Саида Сагди
В программе:
авторские произведения Ровшена Непесова,
саундтреки к новогодним кинофильмам
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau
улица Абая, 160
Цена билета:
2000 ₸


FILARMONIASY
27
декабрь
18:30
New Year
TIME
новогоднее настроение
ОТ ЭСТРАДНО-ДУХОВОГО
ОРКЕСТРА И СОЛИСТОВ
Главный дирижер и
художественный руководитель
«Мәдениет қайраткері»:
Ерназар Уразалин
Билеттің бағасы:
2000 ₸
Абай көшесі, 160
29-37-30, 8-702-593-73-31
@philharmonic_kokshetau


Жаңа жылыңызбен!
С НОВЫМ ГОДОМ!
ЭСТРАДНО-ДУХОВОЙ ОРКЕСТР
Главный дирижер и художественный руководитель
«Мәдениет қайраткері»:

# Материалдық-техникалық база

2022 жылы жарық жабдықтарын жаңарту үшін материалдық-техникалық базаны нығайтуға 7,784 мың теңге бөлінді. Камералық хор ұжымы үшін 35 дана костюм тігілді, сомасы - 3,120 мың теңге, сонымен қатар ғимараттың ағымдағы жөндеуіне 1,396 мың теңге жұмсалды.

# Мәселелер

Филармонияның шығармашылық ұжымдарын тиісінше қамтамасыз ету мәселесі бұрыннан бар. Құрамы үлкен ұжымдар үшін де, жеке дайындалулар үшін де дайындық жасайтын жайлардың жетіспеуіне байланысты концерттер мен дайындықтарды бір уақытта өткізу мүмкін емес. Ал қазіргі қолда бар жайлар санитарлық нормалар бойынша 30-50 адамнан тұратын ұжымдардың дайындалуына арналмаған. Сондай-ақ, филармонияда грим жасайтын бөлмелер мен оларға қажетті құрамдастары жоқ. Кадр тапшылығы мәселесін (симфонияға, қазақ халық аспаптары оркестріне және «Домбырамен ән салу» жанрын неғұрлым терең дамыту мақсатында музыканттарды тарту қажеттілігін) ескере отыра, біздің өңірге белгілі бір шарттармен (тұрғын үй берілсе) ғана келуге дайын жас мамандарды тарту қажеттілігі өткір туындап тұр. Жоғарыда санамаланған мәселелер қосымша корпус салынған жағдайда өз шешімін табар еді, атап айтсақ: жаттығу бөлмелері мен жас мамандарға арналған жатақхана мәселесі. Сондай-ақ филармония ғимарат салуға арналған жер учаскесінің меншік құқығына ие екеніндігін қоса айта кеткен жөн. Қаланың техникалық қызметтерінен қосымша корпус салуға рұқсат та бар. Жобалау-сметалық құжаттаманы жасау үшін филармония ғимаратына жапсарлас салынатын құрылыстың (қосымша үй-жайдың) жобасы (эскизі) дайындалды. Бізге қосымша корпус салу мәселесінің оң шешілуі өте қажет. Бұл облысымыздағы мәдениеттің өркендеуіне, одан әрі дамуына қарқынды серпін берері сөзсіз. Тағы бір мәселе дайын шығармашылық материалды көрерменге тікелей жеткізуге қатысты. Филармонияның концерт залы - камералық, акустикалық тұрғыдан алғанда оркестрлік концерттер беруге, классикалық полотналар қоюға ыңғайлы, өте қолайлы орын. Дегенмен, ұжымдардың толыққанды жұмыс істеуі үшін және концерт кезінде көрермендерге жайлы, қолайлы жағдай жасау үшін: -ғимараттың бірінші қабатындағы керме төбені ауыстыру;- балет залының жылы болуын қамтамасыз ету мақсатында жөндеу жұмыстарын жүргізу;-автотұрақ учаскесін абаттандыру;- көрші үй жағынан қақпа орнату;-ғимараттың барлық кәріз жүйесін жөндеу;- санитарлық тораптарды күрделі жөндеу;- пластикалық терезелерді қымтау, кабинеттердегі желдету жүйесін ауыстыру қажет.